

"Қызылорда қалалық ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 08 желтоқсандағы № 4721 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 10 желтоқсанда № 5260 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 29 сәуірдегі № 5282 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 29.04.2016 № 5282 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңына, "Мемлекеттік мұлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңына және "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдының үлгі ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 Жарлығына сәйкес Қызылорда қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Қызылорда қалалық ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекітілсін.
2. "Қызылорда қалалық ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" Қызылорда қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 23 ақпандағы № 2905 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4908 тіркелген, 2015 жылғы 11 наурыздағы №10 "Қызылорда Таймс", 2015 жылғы 12 наурыздағы №19 "Ақмешіт апталығы" газеттерінде және 2015 жылғы 12 наурыздағы "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.
3. Қаулының орындалуын бақылау Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары К.Ансатбаевқа жүктелсін.
4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

ҚАЛА ӘКІМІ

N. НӘЛІБАЕВ

Қызылорда қаласы әкімдігінің
2015 жылғы "08" желтоқсандағы № 4721
қаулысымен бекітілген

"Қызылорда қалалық ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1. "Қызылорда қалалық ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ветеринария саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.
2. "Қызылорда қалалық ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы Қызылорда қаласының әкімдігі болып табылады.
3. "Қызылорда қалалық ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мынадай ведомствосы бар:
 - 1) Қызылорда қалалық ветеринария бөлімінің "Қызылорда қалалық ветеринариялық станциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.
 4. "Қызылорда қалалық ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және зандарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.
 5. "Қызылорда қалалық ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.
 6. "Қызылорда қалалық ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.
 7. "Қызылорда қалалық ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тараҧы болуға құқығы бар.
 8. "Қызылорда қалалық ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Қызылорда қалалық ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен рәсімделетін шешімдер қабылдайды.
 9. "Қызылорда қалалық ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.
 10. Заңды тұлғаның орналасқан жері: индекс 120016, Қазақстан Республикасы

, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Жеңіс көшесі, №31.

"Қызылорда қалалық ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жұмыс кестесі: сенбі, жексенбі және заңнама актілерімен белгіленген басқа демалыс және мереке құндерінен бөлек, құн сайын дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 09.00-ден 19.00-ге дейін (сағат 13.00-ден 15.00-ге дейін үзіліс).

11. Мемлекеттік органның толық атауы -"Қызылорда қалалық ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

12. Осы Ереже "Қызылорда қалалық ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

13. "Қызылорда қалалық ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

14. "Қызылорда қалалық ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі кәсіпкерлік субъектілерімен "Қызылорда қалалық ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға тұсуге тыйым салынады

Егер "Қызылорда қалалық ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер жергілікті бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. "Қызылорда қалалық ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

15. "Қызылорда қалалық ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің миссиясы ветеринария саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізу болып табылады.

16. "Қызылорда қалалық ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің міндеттері:

- 1) халықтың денсаулығын адам мен жануарларға ортақ аурулардан қорғау;
- 2) жануарларды аурулардан қорғау және оларды емдеу шараларын ұйымдастыру;
- 3) ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- 4) тиісті әкімшілік-аумақтың бірліктің аумағын басқа мемлекеттерден жүқпалы және экзотикалық аурулардың әкелінуі мен таралуынан қорғау;
- 5) жеке және заңды тұлғалар ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асырған кезінде қоршаған органды ластаудың алдын-алу және оны жою.

17. "Қызылорда қалалық ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің функциялары:

- 1) облыстың жергілікті өкілді органына бекіту үшін жануарларды асырау қағидаларын, иттер мен мысықтарды асырау және серуендету қағидаларын, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою қағидаларын, жануарларды асыраудың санитариялық аймақтарының шекараларын белгілеу жөнінде ұсыныстар енгізу;
- 2) қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру;
- 3) ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарға сәйкес мал қорымын (биотермиялық шұңқырларды) салуды ұйымдастыру және оларды күтіп-ұстауды қамтамасыз ету;
- 4) мұдделі тұлғаларға өткізіліп жатқан ветеринариялық іс-шаралар туралы ақпарат беруді ұйымдастыру және қамтамасыз ету;
- 5) ветеринария мәселелері бойынша халықтың арасында ағарту жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу;
- 6) жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сактауды, қайта өндеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерін, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сактау және өткізу жөніндегі ұйымдарды пайдалануға қабылдайтын мемлекеттік комиссияларды ұйымдастыру ;
- 7) жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты алып қоймай залалсыздандыру (зарарсыздандыру) және қайта өндеу;
- 8) жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өнделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне етеу;
- 9) қаланың аумағында жануарлардың жүқпалы аурулары пайда болған жағдайда, қалалық аумақтың бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының ұсынуы бойынша карантин немесе шектеу іс-шараларын белгілеу туралы шешімдер қабылдау;
- 10) қаланың аумағында жануарлардың жүқпалы ауруларының ошақтарын жою жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар кешені жүргізілгеннен кейін қалалық аумақтың бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының ұсынуы бойынша карантин немесе шектеу іс-шараларын тоқтату туралы шешімдер қабылдау;
- 11) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілеріне ветеринариялық-санитариялық қорытынды беруге құқығы бар

мемлекеттік ветеринариялық дәрігерлер тізімін бекіту;

12) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде жеке және занды тұлғалардың Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасын сақтауын мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды үйымдастыру және жүзеге асыру;

13) эпизоотия ошақтары пайда болған жағдайда оларды зерттеп-қарауды жүргізу;

14) эпизоотологиялық зерттеп-қарау актісін беру;

15) Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасы талаптарының сақталуы тұрғысынан мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалау:

ішкі сауда объектілерінде;

жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өндеді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерінде, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын сақтау және өткізу жөніндегі үйымдарда (импортпен және экспортпен байланыстыларды қоспағанда);

ветеринариялық препараттар өндіруді қоспағанда, ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын тұлғаларда;

экспорт (импорт) және транзитті қоспағанда, тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді тасымалдау (орнын ауыстыру), тиеу, түсіру кезінде;

экспортты (импортты) және транзитті қоспағанда, жануарлар ауруларының қоздырушыларын тарататын факторлар болуы мүмкін көлік құралдарының барлық түрлерінде, ыдыстың, буып-түю материалдарының барлық түрлері бойынша;

тасымалдау (орнын ауыстыру) маршруттары өтетін, мал айдалатын жолдарда, маршруттарда, мал жайылымдары мен суаттардың аумақтарында;

экспортты (импортты) және транзитті қоспағанда, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді өсіретін, сақтайтын, өндейтін, өткізетін немесе пайдаланатын жеке және занды тұлғалардың аумақтарында, өндірістік үй-жайларында және қызметіне;

16) мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды), орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді күтіп-ұстауға, өсіруге, пайдалануға, өндіруге, дайындауға (союға), сақтауға, қайта өндеду мен өткізуге байланысты мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерін орналастыру, салу, қайта жабдықтау және пайдалануға беру кезінде, сондай-ақ оларды тасымалдау (орнын ауыстыру) кезінде зоогигиеналық және ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптардың сақталуына

мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

17) жеке және занды тұлғаларға қатысты мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау актісін жасау;

18) тиісті әкімшілік-аумақтың бірліктің аумағында жануарлардың энзоотиялық аурулары бойынша ветеринариялық іс-шаралар өткізуі үйымдастыру;

19) уәкілдегі орган бекітетін тізбе бойынша жануарлардың аса қауіпті ауруларының, сондай-ақ жануарлардың басқа да ауруларының профилактикасы, биологиялық материал сынамаларын алу және оларды диагностикалау үшін жеткізу бойынша ветеринариялық іс-шаралардың жүргізуін үйымдастыру;

20) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру, ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқорды жүргізу бойынша іс-шаралар өткізуі үйымдастыру;

21) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу үшін бұйымдарға (құралдарға) және атрибуттарға қажеттілікті айқындау және облыстың жергілікті атқарушы органына ақпарат беру;

22) ветеринариялық есепке алу мен есептілікті жинақтау, талдау және оларды облыстың жергілікті атқарушы органына ұсыну;

23) облыстың жергілікті атқарушы органына жануарлардың жүқпалы және жүқпалы емес ауруларының профилактикасы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жөнінде ұсыныстар енгізу;

24) облыстың жергілікті атқарушы органына профилактикасы мен диагностикасы бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жануарлардың энзоотиялық ауруларының тізбесі жөнінде ұсыныстар енгізу;

25) ветеринариялық препараттардың республикалық қорын қоспағанда, бюджет қаражаты есебінен сатып алынған ветеринариялық препараттарды сақтауды үйымдастыру;

26) облыстың жергілікті атқарушы органына тиісті әкімшілік-аумақтың бірліктің аумағында ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар туралы ұсыныстар енгізу;

27) ауру жануарларды санитариялық союды үйымдастыру;

28) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жеке және занды тұлғалардан ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламалар қабылдау, сондай-ақ рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімін жүргізу;

29) жеке және занды тұлғалардың Белімге жолдаған өтініштерін қарау, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда және

тәртіппен олар бойынша жауаптар беру;

30) жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың көлдерін қабылдауды ұйымдастыру;

31) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру кіреді.

18. Ведомствоның функциялары:

1) жануарлардың аса қауіпті, жүқпалы емес және энзоотиялық ауруларына қарсы ветеринариялық іс-шаралар жүргізу;

2) ауылшаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу;

3) ауылшаруашылығы жануарларын қолдан ұрықтандыру бойынша қызметтер көрсету;

4) жануарлардың аса қауіпті және энзоотиялық ауруларына қарсы ветеринариялық препараттарды тасымалдау (жүргізу), сақтау, сондай-ақ ауылшаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарды (құралдарды) және атрибуттарды тасымалдау (жеткізу) бойынша қызметтерн көрсету;

5) құрылсын тиісті әкімшілік аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары ұйымдастырған мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды), мал сою алаңдарын (ауылшаруашылық жануарларын сою аландарын) күтіп-ұстau;

6) қаңғыбас иттермен мысықтарды аулауды және жою;

7) ветеринариялық анықтама беру;

8) ауылшаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқорды жүргізуді және одан үзінді көшірме беру;

9) биологиялық материалдың сынамаларын алуды және оларды ветеринариялық зертханаға жеткізу;

10) ауру жануарларды санитариялық союға тасымалдау бойынша қызмет көрсету.

19. "Қызылорда қалалық ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құқықтары:

1) өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру үшін ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік органнан және өзге ұйымдардан қажетті ақпаратты сұратуға және алуға;

2) уәкілетті органмен келісім бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар жоспарын бекіту;

3) Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасы талаптарын сақтау мақсатында мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалауды жүзеге асырады;

4) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі деректер базасын ұйымдастыру және жүргізу;

5) тиісті әкімшілік-аумақтың бірліктің жергілікті атқарушы органына жануарлардың жүқпалы аурулары таралуының алдын алуға және жоюға бағытталған шектеу іс-шараларын немесе карантинді алып тастау туралы ұсынысын беруге;

6) жануарлардың және адамның денсаулығы үшін қауіп төндіретін жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты алу және жою туралы шешім қабылдауға;

7) уәкілетті орган белгіленген тәртіппен аумақты аймақтарға бөлу туралы шешім шығаруға құқылы;

8) бөлім қызметі бойынша қала басшылығы мен қала әкімдігі отырысының қарауына ұсыныстар енгізуге;

9) қала әкімі мен әкімдігінің нормативтік-құқықтық актілерін дайындауға қатысуға;

10) бөлім мұқтаждығына қажетті тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алушы жасау үшін конкурстар ұйымдастыруға және қатысуға;

11) мекеменің заңды тұлғамен мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның, заңды тұлға мен тиісті саланың үәкілетті органымен өзара қарым-қатынастары, заңды тұлғаның әкімшілігі мен оның еңбек ұжымының арасындағы өзара қарым-қатынастары қолданыстағы заңдылыққа сәйкес реттеледі;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген басқа да іс-шараларды атқаруға.

3. "Қызылорда қалалық ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметін ұйымдастыру

20. "Қызылорда қалалық ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшылықты "Қызылорда қалалық ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

21. "Қызылорда қалалық ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын қала әкімі қызметке тағайындауды және қызметтен босатады.

22. "Қызылорда қалалық ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттігі:

- 1) "Қызылорда қалалық ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысы қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылық жасағаны үшін дербес жауап береді;
 - 2) өзіне бағынысты қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіліктерін айқындайды;
 - 3) өз құзіреті шегінде "Қызылорда қалалық ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесін мемлекеттік органдар мен басқа ұйымдарда таныстыру;
 - 4) заңдарда белгіленген тәртіппен "Қызылорда қалалық ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолданады;
 - 5) "Қызылорда қалалық ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесімен қабылданған актілерге қол қояды;
 - 6) Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес "Қызылорда қалалық ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесін барлық мемлекеттік органдарда және басқа да ұйымдарда ұсынады.
 - 7) "Қызылорда қалалық ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құзіретіне кіретін мәселелер бойынша барлық кәсіпорындар, ұйымдар мен бөлімшелер орындауға міндетті ұсыныстар мен нұсқаулар береді, өкілеттігіне жататын басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды;
 - 8) қолданыстағы заңнамаға сәйкес "Қызылорда қалалық ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін қызметке тағайындауды және қызметтен босатады;
 - 9) қолданыстағы заңнамаға сәйкес "Қызылорда қалалық ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін марапаттайтын және тәртіптік жазалар қабылдайды;
 - 10) гендерлік теңдік саясатын жүзеге асыру жұмыстарын ұйымдастырады;
 - 11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіліктерді жүзеге асырады.
- "Қызылорда қалалық ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындауды.
23. "Қызылорда қалалық ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің аппаратын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын "Қызылорда қалалық ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысы басқарады.

4. "Қызылорда қалалық ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүлкі

24. "Қызылорда қалалық ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

"Қызылорда қалалық ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

25. "Қызылорда қалалық ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

26. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Қызылорда қалалық ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. "Қызылорда қалалық ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату

27. "Қызылорда қалалық ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

"Қызылорда қалалық ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы ұйымның тізбесі:

1. Қызылорда қалалық ветеринария бөлімінің "Қызылорда қалалық ветеринариялық станциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.